

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына деңсаулығына  
байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін  
оқытуды үйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет қағидасы (бұдан әрі – Қағида)**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына деңсаулығына  
байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды  
үйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы  
(бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан  
Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының  
1) тармақшасына сәйкес әзірленді және оны қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету  
ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын,  
нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын  
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі.

3. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына деңсаулығына  
байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды  
үйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан  
әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім  
беру үйимдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі –  
көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті  
берушінің кеңесі арқылы немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы  
[www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құжаттар  
топтамасын ұсынады.

Құжаттар топтамасын көрсетілген қызметті беруші кеңесі арқылы көрсетілген  
кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттар топтамасын қабылдайды,  
көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді. Көрсетілетін қызметті  
берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың  
қабылданғаны туралы қолхат (еркін нысанда) береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе)  
қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті  
беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды осы  
Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

5. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген кезде [www.gov.kz](http://www.gov.kz) көрсетілетін қызметті алушы "Білім беру" бөлімінде электрондық мемлекеттік қызметті таңдауды, электрондық сұрау салу жолдарын толтыруды және құжаттар топтамасын бекітуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау салуын өндөуді (тексеруді, тіркеуді) жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны жолдайды немесе электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындалап порталдағы "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

6. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің басшысы оқыту сыйныбын, тілін анықтау үшін қарайды. Басшы құжаттарды қарағаннан кейін баланы үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін мамандарға береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші үйде жеке тегін оқуға қабылдау туралы бұйрықты қалыптастырады.

8. Заңының 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

**3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

9. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
 орта білім беру ұйымдарына  
 денсаулығына байланысты ұзақ  
 уақыт бойы бара алмайтын  
 балаларды үйде жеке тегін  
 оқытуды ұйымдастыру үшін  
 күжаттар қабылдау"  
 мемлекеттік көрсетілетін  
 қызмет қағидасына  
 1-косымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына  
байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін  
оқытуды ұйымдастыру үшін күжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін  
қызметі стандарты**

1	Көрсетіletіn қызметті берушінің атауы	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қолжеткізуарналары)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары;</li> <li>- "электронды үкіметтің" веб-порталы: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a>;</li> </ul>
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 2 жұмыс күні; Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды. Көрсетіletіn қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінана автоматтандырылған) Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) құжаттарды қабылдау туралы қолхат (еркін нысанда);</li> <li>2) үйде жеке тегін оқыту туралы бұйрық.</li> </ol> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде ұсынылады.</p> <p>Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" жолданады және сақталады.</p>

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>Қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Өтініш қабылдау және нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін атқарылады. Алдын ала жазылу және жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаган жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы заңының 5-бабына сәйкес өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы;</li> <li>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a>.</li> </ol>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш (еркін нысанда);</li> <li>2) үйде оқыту бойынша ұсынымдармен коса дәрігерлік-консультациялық комиссияның</li> </ol>

		<p>корытындысы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш (еркін нысанда);</li> <li>2) үйде оқыту бойынша ұсынымдармен коса дәрігерлік-консультациялық комиссияның корытындысы.</li> </ol> <p>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Көрсетілген қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиялардың қатарына кіретін мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметтерді алушының келісімін, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама береді.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішіндегі електрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзгөде талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және жағдайы туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігіне ие. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметінің байланыс телефондары Министрліктің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай</p>

байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуғамүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.